

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ/сынып** «Гүлдер» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі** 2022-2023 оқу жылы мамыр айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	<p>Байланыстырып сөйлеу: Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету. Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. Өткенді қайталау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру. Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. Өткенді қайталау.</p>
	Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. «Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жананы тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ыңдаландыру. Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. Өткенді қайталау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілікке баулу Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

	Еңбекке баулу Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Өткенді қайталау.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Өткенді қайталау.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. Өткенді қайталау.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Өткенді қайталау.
Музыка	<b>Тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»</b>
	<p style="text-align: center;"><b>Музыка тыңдау:</b> Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.</p> <p style="text-align: center;"><b>Ән айту:</b> Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.</p> <p style="text-align: center;"><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қимыл</p>

		қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.
--	--	---

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.